

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға білім беру тапсырысын
орналастыру жөніндегі конкурстық комиссия отырысының №3
ХАТТАМАСЫ**

11 тамыз 2023 жыл

**Жітіқара ауданы,
Жітіқара қаласы
4 шағын ауданы, 27 үй**

Комиссия төрағасы: Бимағамбетова Майра Ильясовна, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жітіқара ауданының білім бөлімі» ММ басшысы.

Комиссия хатшысы: Хурнова Инара Яновна, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жітіқара ауданының білім бөлімі» ММ әдіскері.

Комиссия мүшелері қатысты:

- 1) Мендаулетов Алмаз Турсунбаевич, Жітіқара аудандық мәслихатының депутаты;
- 2) Демейсенова Жанылсын Ильясовна, «Жітіқара ауданы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» ММ басшысы;
- 3) Галиаскаров Ермек Аканович, «Қостанай облысының Білім және ғылым қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы;
- 4) Тентеков Аймурат Базарбаевич, Қостанай облысы Кәсіпкерлер Палатасының Жітіқара ауданының филиалының директоры;
- 5) Кальмухамбетова Ботакос Утепбергеновна, аудандық әдістемелік кабинеттің меңгерушісі;
- 6) Неталиева Асем Габиденқызы, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жітіқара ауданының білім бөлімі» ММ бас экономисті.

Күн тәртібі:

1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға, орта білім беруге, балаларға қосымша білім беруге және еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 29.01. 2016 ж. № 122 бұйрығына ҚР ОАМ 2022 ж. 27.08. № 381 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген осы Қағидаларда көрсетілген құжаттарды ұсыну негізінде мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға ағымдағы күнтізбелік жылға (бұдан әрі-Мектепке дейінгі ұйымдар тізбесі) осы Қағидалардың 14-тармағына сәйкес және осы Қағидаларда көзделген тәртіппен бұрын мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылмаған мектепке дейінгі ұйымдарды мектепке дейінгі тәрбие және оқыту жөніндегі қызметтерді жеткізушілердің тізбесіне (бұдан әрі-Қағида) қосу туралы.

Тыңдалды:

1. **Бимағамбетова Майра Ильясовна**, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жітіқара ауданының білім бөлімі» ММ басшысы, конкурстық комиссияның төрағасы. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-бабының 46-2) тармақшасына сәйкес сапалы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында 2022-2023 жылы «Сапалы білім беру «Білімді ұлт» ұлттық жобасын іске асыру шеңберінде Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасының «Жітіқара ауданының білім бөлімі» ММ мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруды жүзеге асырылатындығын айтты.

2. **Хурнова Инара Яновна**, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жітіқара ауданының білім бөлімі» ММ әдіскері.

Осы ҚР БҒМ 29.01.2016 ж. № 122 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға, орта білім беруге, балаларға қосымша білім беруге және еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қағидалардың 23-тармағына сәйкес ҚР МП 2022 ж. 27.08 № 381. бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бұрын мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылмаған мектепке дейінгі ұйымдар №1 қосымшаға сәйкес 14-тармақта және көзделген қағидалар тәртібінде көрсетілген құжаттарды ұсынған кезде ағымдағы күнтізбелік жылға арналған мектепке дейінгі ұйымдардың тізбесіне енгізіледі.

Осыған байланысты 2023 жылғы 24 шілдеде Жітіқара ауданының білім бөлімінің сайтында Мектепке дейінгі ұйымдардың тізбесіне енгізу және Жітіқара ауданының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға жаңа 95 орынға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін конкурстық рәсімді өткізу туралы хабарландыру орналастырылды.

Тізбеге сәйкес, «*Wunderkind -2023*» ЖШС, бұрын мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылмаған ағымдағы күнтізбелік жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін 14-тармақта және көзделген қағидалар тәртібінде көрсетілген құжаттар ұсынылды.

Аталған құжаттар «*Wunderkind-2023*» ЖШС білім бөлімінің электрондық поштасына электрондық форматта жіберілді.

Ұсынылған құжаттарды қарау және «*Wunderkind-2023*» ЖШС мектепке дейінгі ұйымына бару нәтижелері бойынша 2023 жылғы 7 тамыздағы №2 хаттаманың негізінде Комиссия мектепке дейінгі ұйымды мектепке дейінгі тәрбие және оқыту жөніндегі қызметтерді жеткізушілер тізбесіне жалпы білім беру топтарында - 95 орын енгізіп, оның ішінде 50 орын мемлекеттік тілде тәрбиеленіп оқытылатын мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы шешім қабылдады.

Жітіқара ауданының мектепке дейінгі ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жөніндегі Комиссия **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ағымдағы 2023 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға арналған тізбеге

95 орындық «Wunderkind-2023» ЖШС мектепке дейінгі ұйымы енгізілсін,
құрылтайшысы А.Г.Макарова.

**Конкурстық комиссияның
төрағасы**



М. Бимагамбетова М. Бимагамбетова

**Конкурстық комиссия
мүшелері:**

А. Мендаулетов А. Мендаулетов
Ж. Демейсенова Ж. Демейсенова
Е. Галиаскаров Е. Галиаскаров
А. Тентеков А. Тентеков
Б. Кальмухамбетова Б. Кальмухамбетова
А. Неталиева А. Неталиева

Конкурстық комиссияның хатшысы

И. Хурнова И. Хурнова

№	Мектепке дейінгі ұйымның атауы	Орындар саны	Жалпы білім беру топтарындағы орындар саны	оның ішінде мемлекеттік тілде тәрбие мен оқыту тобында	Арнайы топтардағы орындар саны
1	«Wunderkind-2023» ЖШС	95	95	50	0
	Барлығы	95	95	50	0